



ЗАН газеті

www.zanmedia.kz ✉ zongazet@mail.ru

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

№165 (2751) 5 қараша 2015

31 Ақпарат

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ІСКЕР ТОП ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлыбританияның іскер топ өкілдерімен кездесті. Іс-шараға «Royal Dutch Shell», «BG Group», «Barclays Bank», «Vitol Group», «De La Rue», «Glencore» және басқа да компаниялардың басшылары қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанның инфрақұрылымдық даму, көлік және телекоммуникация, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, металлургия және мұнай химиясы салаларында белсене жұмыс істеп жатқандары үшін британ инвесторларына алғыс айтты. Нұрсұлтан Назарбаев бірлескен жұмысты жалғастыру үшін қажетті әлеует бар екенін атай отырып, еліміз инвесторларға бірегей жағдай жасау ісін жалғастыра беретінін жеткізді.

Ақорданың баспасөз қызметі

АЛМАТЫНЫ ДАМУ ТУДАҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАЛАДЫ

Алматы әкімдігінде қаланың 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасын жасау бойынша жұмыс тобының отырысы өтті. Жиын барысында қаланың даму бағдарламасын қабылдау кезінде қала тұрғындарының пікірі ескерілетіні айтылды. Бағдарлама жобасы ертең almaty.gov.kz сайтында жарияланып, көпшіліктің талқысына түсетін болады. Қала тұрғындары келесі айға дейін ұсыныстарын almaty2020@a-a.kz электронды мекенжайына жібере алады. «Алматы-2020» бағдарламасында дамудың 7 негізгі бағыты қарастырылған. «Қаланың ең басты байлығы адамдар, олардың шығармашылық әлеуеті мен ақыл-ойы. Қазіргі таңда ешбір қаланың дамуы тұрғындардың белсенді араласуынсыз шешілмейді» деген принципті ұсынып, бағытталған

АНДАТПА

ӘР АЗАМАТ КӘСІБИ ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ

2-бет

«ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ МҰРАТЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ»

8-бет

31 Бүгінгінің бас тақырыбы

ЖАРЫССӨЗДЕР НЕГЕ ЖАБЫРҚАУ ӨТЕДІ?



жымайтын мүлік жөніндегі орталығы» РММ, ІД Көші-қон полициясы басқармасы, Жер қатынастары басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері, сот орындаушылары катысты.

Кездесуді ашқан департаменттің Құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік көмек көрсету бөлімінің бас маманы Зура Жақиянова жиналғандарды «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» заңға орай мемлекет кепіл берген заңгерлік көмек мемлекеттік органдар және адвокаттар, сондай-ақ, жеке сот орындаушылары тарапынан көрсетілетіндігінен хабардар етті. Республиканың әрбір тұрғынының кәсіби заңгерлік көмек алуға құқығы бар.

Қоғамның әлсіздеу тобына тегін заңгерлік көмек көрсетудің бір үлгісі ретінде республикалық «Әділет кеңес береді» үшкүндік акциясын айтуға болады. Аталмыш іс-шара тоқсан сайын өткізіліп тұрады. Бұл жолғы шара барысында Көктал-2 елді мекенінде, «Алматы» ауданының ардагерлерімен, «Сарыарқа» ауданындағы ХҚКО ғимаратында және «Нұр Отан» партиясы филиалының Қоғамдық қабылдауындағы азаматтармен кездесу ұйымдастырылып, ЕЦ-166/1 және ЕЦ-

166/10 түзеу мекемелерінде сотталғандарға құқықтық кеңес берілді.

Департаменттің ғимаратында ұйымдастырылған кездесуде көпбалалы аналармен қатар, қаланың әлеуметтік педагогтарының да катысқанын ескерсек, іс-шара барысында қойылған сұрақтардың басым бөлігі аталмыш мамандарға тиесілі болғандығы түсінікті. Б. есімді патронаттық тәрбиешінің айтуынша, оның тәрбиеленушісінің Туу туралы куәлігінде анасының ұлты – молдаван, ал, әкесінің ұлты анасының айтуымен «қазақ» деп жазылған. Ол жеткіншек 2004 жылдан бастап қазақ отбасына берілген. Түр-әлпеті де қазаққа ұқсайды. Дегенмен, Туу туралы куәліктегі әкесінің ұлты тек анасының көрсетуімен ғана жазылғандығы және ата-анасының тұрғылықты мекенжайы көрсетілмегендіктен тәрбиеленушіге төлқұжат алар кезде ұлтын молдаван деп көрсету ұсынылыпты. Бұл іске дөңгелек үстелге катысушы адвокат араласып, туындаған мәселені шешу үшін қажетті құжаттардың барлығын дайындап беруді өз мойнына алды.

Ал М. есімді көпбалалы ана мектеп оқушыларының хиджап киюіне байланысты сұрақ қойып еді, оған мамандар елімізде біркелкі


мектеп формасы енгізілгендігін айтып жауап берді.

Мектеп – зайырлы мекеме. Сондықтан, оның қабырғасында зайырлы орынның тәртібі сақталуы қажет. Бұл киім үлгісіне де қатысты. Оның үстіне, хиджаб кино балалар арасындағы белгілі бір дінге жарнама жасаумен тең. Себебі, оқушының дінге қатысты көзқарасы толық қалыптасып үлгермейді. Бала қай дінге бет бұратынын ешкімнің әсерсіз, өзі таңдауы қажет.

К. есімді азаматшаның сөзіне қарағанда, бұрынғырақ анасының тегіндегі алғашқы Х әрпінің орнына К әрпі жазылып, құжатында қате кетіпті. Енді ол ұлының атасының тегін алғанын және оның қатесіз жазылғанын қалайды. Сұрақ қоюшыға мәселені шешудің жолдары түсіндіріліп, заңгерлер тарапынан сотқа қажетті құжаттар даярланатыны айтылды.

Сондай-ақ, құжаттарды дұрыс рәсімдеуде, тұрғылықты мекенжайға тіркеу, емханаларға тіркелу, тұрғын үй кезегін қайта жандандыру, т.б. секілді сұрақтар бойынша да тиісті көмек көрсетілді.

Валерий ИЛЬИН,
Астана қаласы Әділет
департаментінің баспасөз қызметі

 Кездесу

ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН ОРТАМЫЗДА

Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ұйымдастыруымен кездесу өтті. Кездесуге Алматы қаласы, Медеу аудандық прокурорының аға көмекшісі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің 2012 жылғы түлегі Ш.Рсалин шақырылған болатын. Шара барысында Ш.Рсалин заң факультетінің 1-4-курс студенттеріне «Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары» тақырыбында дәріс

оқыды. Студенттер қонаққа өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Прокурор көмекшісі лауазымын атқаратын Ш.Рсалин тәжірибедегі біліктілігімен бөлісіп, қадағалау органында қызмет етуге талапталып жүргендерге ақыл-кеңесін берді. Студенттер тарапынан болашақта да осындай тәжірибелі қызметкерлермен кездесулер көбірек өткізіліп тұрса деген ұсыныстар айтылды.

Айжан АРЫН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

коммерциялық ұйымға жұмысқа орналасуға жол берілмейді.
Көмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, денешынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы еңбек қызметіне: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, халық денсаулығы мен имандылыққа, жынныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақтарының негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) адамдар жіберілмейді.

Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі қандай?

«Еңбек кодексінің» 75-бабы 1-тармағына сәйкес, осы кодекстің 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс. Егер осы мерзім ішінде қызметкер жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

Қызметкерге тәртіптік жаза қолданған жұмыс беруші өз бастамасымен, қызметкердің немесе оның тікелей басшысының өтінуімен, қызметкерлер өкілінің өтініші бойынша тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

Қандай мемлекеттік орган еңбек заңнамасы саласындағы бақылауды жүзеге асырады?

«Еңбек кодексінің» 328-бабына сәйкес, ұйымдарда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады. Мемлекеттік еңбек инспекторларына:

- 1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамы;
- 2) бас мемлекеттік еңбек инспекторлары – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары;
- 3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, Астананың бас мемлекеттік еңбек инспекторы – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, Астананың еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органының басшысы;
- 4) мемлекеттік еңбек инспекторлары – облыстың, республикалық маңызы бар қала ның, Астананың еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органының лауазымды адамдары жатады.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңмен қорғалады және Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарымен өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік еңбек инспекторына қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодексте белгіленген тәртіппен және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бірлесіп бекітетін критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

Е.ОСПАНОВ,
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
«Республикалық құқықтық ақпарат орталығы»
РМК директоры